

Степной ауылдық округінің Арал ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Степное ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 1 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 ақпанда № 3306 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысын және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Степной ауылдық округінің Арал ауылындағы Кузнечная көшесінің атауы Бак болып өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Степной ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Б.Қараджановаға жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Ж. Спанов